# Айыртау таңы

№32 (902)

Бейсенбі, 13 тамыз 2015 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады


*Облыс әкімдігінде*

## ӘҢГІМЕ ӨЗЕГІ - АУЫЛДАРДЫҢ ӘЛЕУЕТІ

**Солтүстікқазақстандықтардың жартысынан көбі тұратын ауылдарда шешілуі тиіс мәселелер аз емес. 7-8 тамыз күндері Петропавл қаласында облыс әкімі Ерік Сұлтановтың төрағалығымен өткен барлық деңгейдегі әкімдердің семинар-кеңесінде осы орайдағы міндеттер талқыланды.**

Семинар-кеңес барысында облыстағы елді мекендердің бүгінгі ахуалынан хабардар еткен өңір басшысының бірінші орынбасары Айдарбек Сапаров жеткен жетістіктеріміз бен кемшін тұстарымызды ашық айтып, аудан, ауылдық округ әкімдері өз қызметтерін ширата түсулері керек деген ойын білдірді.

Үстіміздегі жылдың қаңтарындағы көрсеткішке сай өңірімізде даму әлеуеті жоғары – 164, орташа – 484, төмен 26 елді мекен бар. Өткен жылмен салыстырғанда даму әлеуеті жоғары елді мекендердің саны үшеуге ғана көбейген. Кейбір аудандарда дамуы жоғары елді мекендердің орташаға түсуі байқалған. Мәселен, Шал ақын ауданындағы даму әлеуеті жоғарылардың қатарында болған бес ауыл бір сатыға төмендеген. Өз сөзінде Айдарбек Сапаров елді мекендерді дамытудың бір жолы ретінде жаңа өндіріс орындарын ашу қажеттігін атап өтті. Ал бұған қол жеткізуге зор мүмкіндік жасайтын Индустрияландыру картасы аясында үстіміздегі жылдың екінші жартыжылдығында жалпы құны 4,4 миллиард теңге болатын 6 жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Кей аудандар бірнеше жоба ұсынуда. Бұл ретте Жамбыл және Есіл аудандары белсенділік таныта алмай отыр.

Мамлют ауданының әкімі Ерболат Бекшенов әлеуеті төмен алты ауылдың құлдырауының негізгі себептеріне тоқталды. Ерік Сұлтанов бұл мәселелерді шешуде жергілікті басшылар іскерлік танытулары керек деді. Имантау ауылдық округін дамытуда әріптестеріне үлгі болып отырған Любовь Сердюктің айтуынша, бүгінгі таңда оларда гүл және көкөніс көшеттерін өсіретін отбасылық кәсіпкерлік қарыштап дамуда. Үстіміздегі жылы бұл кәсіппен 123 отбасы айналысса, алдағы уақытта олардың саны 200 отбасыға дейін көбеймек. Көшеттер облысымызбен қатар, Көкшетау, Астана, Алматы және басқа қалаларға жөнелтіледі екен.

Ауылдық округте омарташылықпен айналысатын отбасылардың да қатары көбеюде. Осыған орай алынған өнімді сатумен айналысатын "Бал үйін" ашу мәселесі күн тәртібіне қойылып отыр. Бүгінгі таңда ауылдық округ аумағында 67 жеке кәсіпкерлік жұмыс істейді екен.

Семинар-кеңестің пленарлық отырысының соңында облыс басшысы бірқатар ауылдық округтер әкімдерін адал еңбегі мен өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан қомақты үлесі үшін Құрмет грамотасымен және Алғыс хатпен марапаттады.

Екі күнге созылған семинар-кеңес барысында ауылдық округ әкімдері өңіріміздегі бірқатар өндіріс нысандарын аралап, олардың жұмыстарымен танысты.

**Арайлым БЕЙСЕНБАЕВА,**
**"Солтүстік Қазақстан".**

*Реформа*

## КӘСІБИ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ ҚҰРЫЛМАҚ

**Өткен сейсенбі күні аудандық әкімдіктің кіші залында Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен «Заманауи, кәсіби және дербес мемлекеттік аппарат құру» тақырыбына семинар өткізілді. Семинарда «Ұлт жоспары – 100 нақты қадамының» бірінші институционалды реформасың, еңбек төлемінің факторлық-балдық шкаласын енгізу және тағы да басқа мәселелер талқыға салынды. Аталмыш шараға мемлекеттік органдардың қызметшілері қатысты.**



«Нұр Отан» партиясының XVI съезінде Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев айқындаған бес институционалдық реформаның бірінші бағыты «Кәсіби мемлекеттік аппарат құру» деп аталады. Әлбетте әлемнің бәсекеге қабілетті отыз елінің қатарынан көріну үшін ең алдымен мықты мемлекеттік аппарат қалыптастыру мәселесі мейлінше өзекті. Сондықтан да, «100 нақты қадам» - Ұлт жоспарын іске асыруда ең бірінші кезекте мемлекеттік қызметті дамытуға көңіл бөлінуі бұл Қазақстан мемлекеттілігін нығайтып, қоғам мен мемлекетті түбегейлі өзгертуге, ең ақыры жаһандық және ішкі сын-қатерлерге қарсы атқарылатын ауқымды дүниелердің сапалы атқарылуына деген салмақты саясатты білдіртсе керек.

Ол үшін ең әуелі заманауи мемлекеттік аппарат жасақтап, түйткілдердің түйінін тарқату қажет. Нұрсұлтан Назарбаев бұл жерде әкімшілік мемлекеттік қызметтің саяси деңгейге тәуелді екенін атап өтті. Қолдаушы төңірегінде топ жасақталып, жемқорлыққа жол беріледі. Және де жалақысы төмен болғандықтан мемлекеттік қызметке қызығушылық аз болады. Сондай-ақ мемлекеттік қызметкерлердің нақты мансап сатысы белгіленбеген. Осы орайда мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар түрлі деңгейдегі шенеуніктердің селқостығынан тежеліп қалуда. Бұл ретте реформаның негізгі мақсаты – кәсіби және автономды мемлекеттік аппарат қалыптастыру. Тек осылай ғана экономикалық бағдарламалардың сапалы жүзеге асуын қамтамасыз етуге болады. Осы түйкілдерді түбегейлі шешу үшін Елбасы бірнеше нақты міндет жүктеді. Әкімшілік мемлекеттік қызметтің жұмысына басшылықтың ауысуы әсер етпеуі керек. Басшы болу үшін жетекші барлық еңбек сатысынан өтуі шарт. Енгізілетін өзгерістің еңбекақы жүйесіне де қатысы бар. Енді жалақы мөлшері жұмыстың нәтижесіне байланысты болмақ. Саяси қызметкерлерге де жыл соңында сыйақы берілуі керек. Сәйкесінше мемлекеттік қызметке қабылдаудың барлық шарттарын қатаңдату керек. Тағы бір тағылымы мол тапсырма – жең ұшынан жалғасар жемқорлыққа жол бермеу. Ол үшін арнайы мемлекеттік қызмет туралы жаңа заң түзілмек.

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің кеңесшісі Рамиль Бахриразиевтің баяндамасында осы мәселелер кеңінен түсіндірілді.

Баяндамашының сөзінен кейін жиынға қатысушылар өздерін қызықтырған мәселелер жөнінде сұрақтар қойып, толыққанды жауап алды.

**Жанат СӘБИТОВ.**

*Ресми бөлім*

## Өзекті мәселелер талқыланды

**11 тамызда аудан әкімідігінің мәжіліс залында Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары Айдарбек Сапаровтың төрағалығымен Айыртау ауданының жергілікті бюджетінің кіріс және шығыс бөлігінің орындалуы мен мал шаруашылығының дамуы мәселелері бойынша жұмыс кеңесі өткізілді.**

Кеңесте жұмыс тобының мүшелері Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Төлеген Қабдөшев, Солтүстік Қазақстан облысы Қаржы басқармасы басшысының орынбасары Наталья Дышкант, облыстық Статистика департаментінің басшысы Марал Нұржаупова, Солтүстік Қазақстан облысы Кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Айдын Керімбек, Солтүстік Қазақстан облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Қайрат Омаров, облыстық жер инспекциясының басшысы Мейрам Меңдібаев және Солтүстік Қазақстан облысы ветеринария басқармасы басшысының міндетін атқарушы Берік Әлжановтар өз салалары бойынша Айыртау ауданының өзекті мәселелеріне тоқталып өтті. Аудан әкімі Ағзам Тастеміров ауданымызда жергілікті бюджеттің кіріс және шығыс бөлігінің орындалуы мен мал шаруашылығының дамуы мәселелері бойынша есеп берді. Сондай-ақ жиын барысында өзекті мәселелер тілге тиек етіліп, оларды шешудің жолдары қарастырылды.

Аудан әкіміне облыстық және аудандық бюджеттердің түсімдері бойынша жоспардың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету, жаңа жұмыс орындарын ашу жөніндегі жұмысты белсендендіру, қолданыстағы өндірістерді кеңейту, бюджеттік қаржыны уақытында игеру жөнінде бірқатар тапсырмалар берілді. Бизнестің жол картасы бойынша жобалар санын арттыру қажет, агроқұоылым басшыларымен де жалақы бойынша қарызға жол бермеу жайын да назардан тыс қалдырмаған жөн. Орақ науқанын уақытында әрі сапалы өткізу де ерекше назарда болуы керек. Ауыл шаруашылығы саласында «Сыбаға» бағдарламасы бойынша жұмысты жандандыру, жайылымдар мен жем-шөп алқаптарын мақсатты пайдалану, малдәрігерлік шаралардың сапалы орындалуы және басқа да мәселелер бүгінгі күні өзектілігін жоймауы қажет

**Бағлан ҚОЖАҚОВ.**

*Субсидия*

## СЕМИНАР ӨТКІЗІЛДІ

**Тамыздың 10-ы күні Солтүстік Қазақстан облысы Кәсіпкерлер палатасы Айыртау ауданы филиалының мәжіліс залында әлеуметтік мәні бар жолаушылар тасымалдауларын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау жөнінде семинар болып өтті. Аталмыш шараға тиісті мемлекеттік органдардың басшылары, құқыққорғау органдарының өкілі, жолаушылар тасымалымен айналысатын кәсіпкерлер қатысты.**




Әлеуметтік мәні бар жолаушылар тасымалдауларын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидасы «Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 12-бабының 14 тармақшасына сәйкес әзірленген және әлеуметтік мәні бар бағыттары бойынша жолаушылар тасымалдауларын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау тәртібі мен шарттарын айқындайды. Тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау жергілікті бюджеттен жүргізіледі. Залалды маршруттар бойынша жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушы ай сайынғы кіріс көлемін белгілейді және субсидияланатын маршруттар бойынша шығыстар көлемін анықтайды. Тасымалдауға арналған шығыстарға: жүргізушілер мен кондукторлардың жалақы қоры; автомобиль отынына арналған шығындар; жағармай материалдарына арналған шығындар; автошинаға арналған пайдалану шығыстары; автомобильдерге техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жүргізуге арналған шығындар; амортизациялық аударымдар; үстеме шығыстар кіреді. Бір жылғы кірістер мен шығыстар сомасын тасымалдаушы жергілікті уәкілетті органға жібереді. Тасымалдаушының кірістер мен шығыстар көлемін ұсынуының дұрыстығын тексеруді ұйымдастыру үшін жергілікті атқарушы органдар залалды әлеуметтік мәні бар бағыттарды субсидиялау жөнінде комиссия құрады. Комиссия құрамына жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, аумақтық салық және монополияға қарсы органдардың өкілдері кіреді.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және жолаушылар көлігі бөлімінің бас маманы Инна Курилоның субсидиялау жөніндегі түсініктемесінен кейін сөз алған аудандық мәслихаттың аппарат басшысы Р.Т. Төреқұлова, қаржы және экономика бөлімінің басшысы М.Т. Рамазанова, «Ғабдуллин» ЖК басшысы Е.В. Евтушенко, АІІБ мемавтоинспекторы М. Таңсықбаев сөз сөйлеп, өз ойларын ортаға салды.

**Жанат ТҮГЕЛБАЙ.**

*Аудандық мәслихатта*

## ДАМУДЫҢ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ

**Дүйсенбі, тамыздың 10-ы күні аудандық мәслихаттың депутаты Сырымбет Есенғалиевтің төрағалығымен аудандық мәслихаттың XXXX кезекті сессиясы болып өтті.**

Сессия жұмысының күн тәртібінде аудан әкімі Ағзам Тастеміровтің «2015 жылдың І жартыжылдығында Айыртау ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындысы туралы» баяндамасы тыңдалды.

Аудан басшысы Ағзам Ахметжанұлы ауданның барлық салалары бойынша атқарылған жұмыстарға толығымен талдау жасап, алдағы жоспарларды да саралап берді. Сонымен қатар баяндамашы үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша ауданымыз облыста алдыңғы орындардың қатарында екенін де баса айтып өтті.

Аудан басшысының атқарылған жұмысына оң бағасын берген аудандық мәслихаттың депутаты Наталия Еременко да өз сөзінде халық қалаулыларының бірауыздан қолдайтынын жеткізді.

Сессия жұмысында депутаттар Айыртау ауданы әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы, діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі, мемлекеттік рәміздер бойынша және үкіметтік емес ұйымдармен өзара әрекеттестік және ынтымақтастық бойынша комиссиялардың құрамына өзгерістер енгізді.

**Өз хабарымыз.**

*Семинар*

# Ардагерлер бас қосты

**Жақында Саумалкөл ауылындағы Ақан сері атындағы аудандық Мәдениет үйінде Солтүстік Қазақстан облысы ардагерлер ұйымдары төрағаларының қатысуымен «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығы – жастарды патриотизмге тәрбиелеудің басты тетіктерінің бірі» тақырыбына облыстық семинар-кеңес болып өтті. Оның жұмысына облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ескендір Елеусізов қатысты.**



Семинар-кеңес аталмыш шараға қатысушыларының аудандық тарихи-өлкетану мұражайының жәдігерлерін тамашалауымен басталды.

Пленарлық бөлімде Солтүстік Қазақстан облысы ардагерлер кеңесінің төрағасы Ескендір Елеусізов семинар-кеңеске қатысушыларды құттықтап сөз сөйлеп, өңіріміздегі ардагерлер ұйымдарының жұмысы мен алдағы міндеттері жайлы баяндама жасады. Ол өз сөзінде осындай шараларды өткізу игі дәстүрге айналғандығын айта келіп, атқарылып отырған жұмыстардың ауқымды екендігін, алайда шешімін таппай жүрген мәселелер де кездесіп қалатындығын жасырмады.

Баяндамашыдан кейін сөз алған Айыртау аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Армия Әбілқайыров, облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары А.А. Корабельников, Мағжан Жұмабаев атындағы ауданның ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов өз ойларын ортаға салды.

Семинар барысында Ескендір Есмақұлы Аққайың және Қызылжар аудандарының бұрынғы ардагерлер кеңесінің төрағалары Владимир Саласюк пен Хабиболла Жақсылықовтарды қарт адамдардың өмірі мен тұрмысын жақсартуға қосқан зор үлестері үшін Алғыс хаттармен марапаттаса, жаңадан сайланған Қызылжар аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ж.Б. Қожахметовке, Аққайың ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.С. Баяшевқа, Шал ақын ауданының ардагерлер кеңесінің төрағасы Т.С. Оразалинге куәліктерін табыс етіп, еліміздің гүлденуі жолындағы еңбектеріне табыс тіледі.

Есіл аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы В.И. Редькина жастарды рухани-ұнамдық және патриоттық тәрбиелеудегі Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің мұражайлары мен ескерткіштерінің рөлі жайлы ойымен бөлісті.

Семинар соңында шараға қатысушылар алдағы жұмыс жоспарларын талқыға салып, ойларын ортаға ұсынды.

**Жанат ҚАЖЫБАЙҰЛЫ**.

*Қазақстан Республикасының Конституциясына 20 жыл*

# МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ АТА ЗАҢЫ



**Кеңес Одағы таратылғаннан кейін, екі жыл өткен соң, 1993 жылғы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он екінші сайланған тоғызыншы сессиясында тұңғыш Конституция қабылданды. Алайда бұған дейін Кеңестік Социалистік Республика Конституциясы күшінде болып келді. Заман өзгерген сайын, қолданыстағы заңнамаларға да өзгерістер енгізіліп келуде, бұл мемлекеттің өркендеуі, яғни дамыған мемлекеттердің қатарына қосылу болып табылады деп ойлаймын.**

1995 жылдың 30 тамызы біздің республикамыз үшін Конституцияның жарыққа шығуы тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихында елеулі жаңалық әкелді. Конституция кеңес үкметі кезінде өкілді органдарымен қабылданбаған болса, біздің басты заңымыз азаматтардың қалауымен барлық халықтық жалпы дауысымен референдумда қабылданған болатын. Сондықтан Конституция күні мемлектіміздің басты мерекесі ретінде танылып, биыл Конституциямыздың 20 жылдық мерейтойын мемлекеттік дәрежеде атап өтпекпіз.

Біздің Конституциямыздың бастамасы «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, ... » деген сөзбен басталады. Бұл Қазақстанда тұратын барлық ұлт азаматтарының орныққан саяси келісімінің негізі болып табылады. Конституцияның халық атынан қабылдануы, тек қана біздің мемлекетімізде емес, басқа да көптеген мемлекеттердің конституциясында сондай сөзбен басталады.

Нормативтік құқықтық актілер сатысындағы өзінің заң күшіне қарай, Қазақстан Республикасы Конституциясы жоғары заң күші бар сатыда тұрады. Конституция мемлекетіміздің тарихи дамуының негізі ретінде ғана танылып қоймай, ол барлық заңдардың бастауы болып табылады. Конституцияда адамның жеке бас бостандығы, жеке өміріндегі құндылығы, сондай-ақ билік тармақтарының қоғамдағы рөлі айқын тұжырымдалған. Дүние жүзілік тәжірбиеде көрсетілгендей адамға деген сыйласымдық, жеке өмірі мен бостандығының қорғалуы, қоғам дамуының айқын көрінісі. Сондықтанда құқықтық мемлекетіміздің азаматтарының мемлекет алдындағы жауапкешілігі алдынғы орындарда тұруы қажет. Сондықтан да Конституцияға сәйкес мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық болып табылады.

Елбасының белгілегеніндей конституция қоғамның дамуына зор үлесін қоса отырып, азаматтық қоғамның дамуына болашақта тұрақты қадағаланып отырады. Конституцялық нормаларды қадағалау біздің республика заңының мемлекеттің дамуына бағыталады. Жергілікті өзін-өзі басқару реформасында сайлау заңдылығының енуі Конституцияның дүние жүзілік қауымдастыққа кіруінің негізі ретінде танылады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейн мемлекетіміздің саяси жүйесі Конституцияға сәйкес қайта реттелді. Конституция халықтың еркіндігін жоғары қойып, жаңа мыңжылдықта құқықтық нигилизім бағытында тоторитарлық жүйені артта қалдырды.

Елбасымыздың да ең басты заңымыз Конституцияның жарыққа шығуына зор үлесін қосқанын айта кеткеніміз жөн.

2007 жылғы 21 мамырда «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының № 254-III Заңы қабылданды. Осы заңмен Конституциямызға елеулі оң өзгерістер енгізілді. Атап айтатын болсам, 2-бапқа сәйкес «Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысы, оның елордасының мәртебесі заңмен белгіленеді. Қазақстанның елордасы Астана қаласы болып табылады» деп айқын көрсетілген. Астана, Республиканың әкімшілік-саяси орталығы болып табылады. «Астананың гүлденуі Қазақстанның гүлденуі» деген, осыған сәйкес айтылған болса керек деп ойлаймын. Сонымен қатар басқа да көкейтесті өзгерістер енгізілді.

Конституциямыздың 20 жылдығын тойлауда, өзінің мекен еткен туған жерінің тарихта болған қанша қасіретпен, отанының тәуелсіздігі үшін жанын ата-бабаларымыздың ерлігінің арқасында жеткен күн екенін, мемлекетіміздің әр азаматы біледі.

Отанымыздың, жеріміздің тәуелсіздігінің басты кепілі осы Ата-Заңымыз Конституция болып табылады.

**Асхат ПАРМАНОВ,**
**Айыртау ауданының**
**№2 аудандық сотының судьясы.**

*Қоғам және заң*

# Пробация қызметі

Пробация қызметі бүгінгі күнде Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық заңнамасында, пробация қызметін ұйымдастыру бөлігінде өзгерістердің енгізілуі бойынша құқықтық түсіндіру, пробациялық бақылау қойылған сотталғандарды оңалту және бейімдеу бойынша жұмыстарын жетілдіреді.

Пробациялық бақылаудың басты мақсаты сотталғандарды еңбекпен қамтамасыз ету болып табылады. Еңбек арқылы олардың алдағы күндерге деген сенімін арттырып, түзу жолға түсуіне ықпал етеді. Пробация есебінде тұрған сотталғандар арасында қылмыстың алдын-алу, ескерту және жолын кесудің бірден-бір жолы – сотталғандарды жұмысқа орналастыруға көмек көрсету және тұрмыстық жағдайларын ұйымдастыру, әлеуметтік құқықтық және өзге де көмек көрсету жұмыстарын жандандыру.

СҚО бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің Айыртау аудандық пробация қызметі әлеуметтік құқықтық көмек қөрсету мақсатында жергілікті атқарушы органдармен және кәсіптік оқыту орындарымен бірлесіп пробация есебіндегі сотталғандарға білімдерін толықтырып, кәсіптік мамандықтар алуына, көптеген сотталғандарды мамандықтары бойынша одан әрі жұмысқа орналастыру барысында нақты әлеуметтік құқықтық көмек көрсетіп отыр.

**Салтанат ЖАРМАҒАМБЕТОВА,**
**Айыртау аудандық пробация қызметінің**
**аға инспекторы.**

# Мемлекеттік меншікті жекешелендіру

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 наурыздағы № 280 «2014-2016 жылдарға арналған Кешенді жоспары» бекітілді. Солтүстік Қазақстан облысының коммуналдық меншік объектілерді сату Кестесіне сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы әкімімен 2015 жылы шілде айында келесі мүлік кешендері сатылуға қойылды: ШЖҚ «Айыртау Қамқор» МКК, ШЖҚ «Айыртау-Су» МКК. Мемлекеттік мүлік Тізілімнің веб-порталында мүліктік кешенді сату бойынша электронды коммерциялық тендер берілмеген тапсырыстардың жоқтығынан өте алмады.

Жекешелендірудің екінші толқыны экономикада мемлекеттік қатысуды қысқартуға және жаңа салалардағы жеке бизнесті дамыту үшін жағдай жасауға шақырады. Халық өз кезегінде, бәсекелестіктің енгізу есебінен, көрсетілген қызмет құнын төмендетуге, және спектрді кеңейтуді, жақсы сапаның алынуы күтіледі. Еліміздің мемлекеттік секторының субъектілерін жекешелендіру бойынша тапсырмасы мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050»Статегиясы»: бір мақсат, бір тағдыр, бір ел» халыққа Жолдауында жарияланған болатын.

2015 жылғы екінші жартыжылдығында жоғарыда көрсетілген мүлікті сату бойынша электрондық коммерциялық тендерді қайта өткізуді жоспарлайды. Электрондық коммерциялық тендерді өткізу бойынша қосымша ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады: 8 (71533)22369.

**Айыртау ауданының экономика және**
**қаржы бөлімі.**

# ӨМІРДІ ҚОРҒАУ - ПАРЫЗЫМЫЗ

Мемлекеттің басты міндеттерінің бірі – азаматтардың қалыпты тіршілік етуін қамтамасыз ету және төтенше жағдай туындаса, аман сақтау. Қазақстан Республикасы Конституциясының бірінші бабында: “Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары” делінген. Сондықтан мемлекет қауіпті жағдайда адам өмірін бар күшімен сақтап қалуға міндетті.

Қазақстан Республикасында қалыптасқан заңнамалық база, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін көп қырлы тетік мемлекет аумағында төтенше жағдайлардың алдын алуға, шығынның үлесін азайтуға кепілдік береді. Ел арасында “Апаттың салдарын жойғаннан гөрі оны болдырмаған артық” деген сөз бар. Әрі дана халқымыз “Сақтансаң – сақтайды” деп өткен. Осы талаптарға сәйкес Солтүстік Қазақстан облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі департаменті де елеулі жұмыстар атқаруда. Оған өткен 7 айда атқарылған жұмыс дәлел бола алады.

Бүгінде департамент өрттің алдын алуға зор көңіл бөлуде. 2015 жылдың 7 айында инспекторлық құрам 668 мемлекеттік мекемені тексеріспен қамтып, нысандардың басшыларына өрт қауіпсіздігі ережелерінің бұзылуына жол бермеу қажеттігін ескертті. 2015 жылдың соңына дейін тапсырылуы тиіс 79 нысан есепке алынды. Олардың қатарында жалпы білім беретін мектептер, ауруханалар, мәдени мекемелер, қоғамдық, өндірістік, әкімшілік ғимараттар, көпқабатты тұрғын үйлер бар.

Тұрғын үй секторындағы өрттің алдын алу шаралары да ұдайы назарымызда. Ішкі істер органдарының өкілдерімен бірлесіп, 30 мыңнан астам тұрғын үй секторына рейд жүргізілді. Өртке қарсы күрес тақырыбындағы 52 мыңнан астам жадынама таратылып, 3 мыңға жуық нұсқама берілді.

Алайда, облыс бойынша өткен 7 ай ішінде тұрғын үй секторында 409 өрт оқиғасы тіркелді. Жалпы сомасы 182 млн. теңгеден асатын материалдық құндылықтар құтқарылды. Ал келген шығын 55 млн. теңгені құрап отыр.

Бұл ретте ауылдық жерлердегі жағдай да назарымыздан тыс қалып отырған жоқ. Бүгінгі таңда ауылдық жерлерде 575 ерікті өртке қарсы құрылымдар құрылып, жұмыс істеуде. Олар 128 өрт сөндіру көліктерімен, 985 бейімделген техникамен және 104 сорғымен жабдықталған.

Үстіміздегі жылдың үшінші тоқсанында Айыртау, Мамлют, Есіл, Ғ.Мүсірепов атындағы, Уәлиханов аудандарында 10 өрт сөндіру бекетін ашу жоспарланған. Өрт сөндіру қызметі бөлімшелері ерікті өртке қарсы құрылымдарымен бірлесіп, 61 өрт оқиғасының алдын алды. Ал ерікті өртке қарсы құрылымдар мен тұрғындар өз күштерімен 41 өрт ошағын сөндірген.

Тұрғындар арасында еріктілерді дәріптеу және ауылдық жерлердегі өрттерді сөндіруде аталмыш құрылым өкілдерінің дайындығын арттыру мақсатында үстіміздегі жылдың маусым айынан бастап әр ауданда жарыстар өткізілуде.

Төтенше жағдайлар қызметкерлері өскелең ұрпақ арасында мектепте, үйде, табиғатта қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрететін алдын алу жұмысын жүргізеді. Жыл сайын мектептер мен балаларды сауықтыру лагерьлерінде өрт пен төтенше жағдайдың алдын алу тақырыбында суреттер конкурстары, көңілді тапқырлар клубтарының сайыстары, эстафеталар өткізіледі. Осы күнге дейін 6000 оқушы қатысқан 10 интерактивті сабақ жүргізілді.

Адамдарға судан да қауіп көп. Үстіміздегі жылы 16 адам суға кетті, олардың үшеуі – бала. Облыс аумағында 2 мыңнан астам көл, өзен мен басқа да су қоймалары бар. Олардың 231-і балық аулау, аңшылық сияқты шаруашылық мақсатта пайдаланылады. Жаз маусымында облыс аумағында 38 демалыс орны мен жағажайлар, 17 балалар сауықтыру лагері жұмыс істейді. Облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі департаментінің жедел-құтқару жасағы ішкі істер органдарының қызметкерлерімен бірлесіп, Есіл өзенінің қалалық жағажайында, Пестрое және Үлкен Тораңғыл көлінде кезекшілік ұйымдастырды. Осы уақытқа дейін 59 адам құтқарылды. Оның он бірі – бала. Сонымен қатар, құтқарушылар жағажайлар мен балалар сауықтыру лагерьлерінде 155 балаға жүзуді үйретті.

Табиғи және техногенді сипаттағы оқиғалардың алдын алу мен жою мәселелері жыл басынан бері 6 рет өткен облыстық төтенше жағдайлар комиссиясының мәжілісінде талқыланды.

Айта кетейік, апаттық-құтқару қызметтерінің жабдықталу деңгейі жоғары және олар кез келген уақытта тұрғындарға көмекке келуге әзір. Осы күнге дейін 973 жедел аттанысқа шықтық. Төтенше жағдайлар орнынан қауіпсіз жерге 992 адам көшіріліп, 82 зардап шегушіге алғашқы медициналық көмек көрсетілді.

Облыстың азаматтық қорғанысын дамыту жұмыстары жалғасын табуда. Осы орайда ұйымдар мен кәсіпорындарда 71 оқу-жаттығу өткізілді. Тұрғындарды оқытуға, мемлекеттік органдардың мамандарын даярлауға айрықша көңіл бөлінуде. Департаментте 326 адам оқытылды. Ал республикалық азаматтық қорғаныс оқыту-әдістемелік орталығына 19 адам жіберілді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы – мемлекетіміз үшін аса маңызды мереке. Осы 20 жыл ішінде атқарған жұмыстарымызды қорытындылап, мемлекеттілігімізді нығайту үшін жоспар жасаймыз. Біздің департаменттің жеке құрамы Конституция қағидалары бойынша халықты айтып келмейтін апаттардан сақтау қызметін бар күш-жігерімен атқаруда. Себебі, бұл біздің басты міндетіміз.

**Нұрлан АТЫҒАЕВ,**
**облыстық төтенше жағдайлар**
**жөніндегі департамент**
**бастығының орынбасары,өртке**
**қарсы қызмет полковнигі.**

Орақ – 2015

# ЖІГІТТЕРДІҢ ҚИМЫЛЫНДА ШИРАҚТЫҚ БАР, -
## дейді серіктестіктің директоры Азамат Елмағанов



**Соңғы жылдарда Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев ауданымызда болған жұмыс сапарларында:**

**– Аграрлық секторды дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы іске қосылды. Оның негізгі бағыттарының бірі – ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін арттыру. Бұл өте маңызды және ауқымды жұмыс. Біз бидайды ұнға айналдырамыз, енді ары қарай жүріп, макарон және басқаларын өндіру керек, яғни өнімдеріміздің қосымша құнын арттыруды ойлау қажет. Егін егіп, жинап алған оңай, бірақ біз бір тонна ет өндірісі бір тонна астық өндірісінен бес есе тиімді екенін де ойлауға тиіспіз. Бұл қысы-жазы жұмыс істейтін ауыл еңбеккерінің жұмыспен қамтылуы мен табысының өсуіне ықпал етеді – деген болатын.**

Сонымен қатар Н.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында: «Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенін инновациялық бағытқа түсіру маңызды. Бұл – біздің дәстүрлі салтымыз. Азық-түлікке деген қажеттілік арта береді. Бұл секторға инвестиция көбірек салынады. Сондықтан бүгінгі фермерлер тек уақытша әрі ауа райына байланысты кездейсоқ жетістіктерді малданып қалмай, өндірістің өсімі жөнінде ойлануға тиіс. Жаһандық ауыл шаруашылығы өндірісінде бәсеке өсе беретін болады. Жермен жұмыс істейтіндер, ең алдымен, жаңа технологияларды енгізіп, өнімділікті үздіксіз арттыратындар, жұмысын әлемдік стандарттар негізінде жүргізетіндер болуы керек» - деп, аграршылардың алдына ауқымды міндеттер жүктеген еді.

Сол себепті елімізде мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыруда ауқымда шаралар атқарылып жатса, биылғы жылдың орақ науқаны да өзінің бастауын алды.

Биылғы орақ науқанын алғашқылардың бірі болып «Рамут» корпорациясының еншісіндегі «Жарқын СК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бастаған болатын.

«Жарқын СК» ЖШС-ы агроқұрылымыныңбасты саласы – астық өндірісімен айналысуда. Бидайдан басқа арпа, сүрлемдік жүгері, сұлы, бұршақ, зығыр, біржылдық және көпжылдық шөп егіледі. Нөлдік технологияларды кеңінен қолдану мен топырақ құнарын дұрыс сақтаудың нәтижесінде астық түсімділігі 2010 жылдан бері 19,6 центнерден кем болған емес. 2010 жылдан бері осындай жетістіктерге жетуге зор үлесін қосып келе жатқан білікті басшы Азамат Мерекеұлы Елмағановты арекше атап кеткен жөн.

Осы орайда өткен аптаның соңында «Жарқын СК» ЖШС-нің егістік алқаптарында болып, орақ науқанының қыр-сырымен танысқан болатынбыз.

Серіктестік директоры Азамат Елмағанов бізді жылы шыраймен қарсы алып, орақ науқанының барысы жайлы сұрап білдік.

Директордың мәліметі бойынша серіктестіктің 17300 гектар алқаптың 10500 гектарына бидай, 3300 гектар алқапқа зығыр, ал 1500 гектарға арпа себілген.

Жалпы күзгі науқанға қолдағы барлық техникалардың 90 пайызы дайын. Науқанға жоғары өнімділікті заманауи «Челенджер», «Класс» және «Джон Дир» комбайндары жұмылдырылған. Бірлестік ауылының маңындағы ерте себілген «Омбы-36» сұрыпты бидай алқабынан диқаншылар гектарына 14-15 центнерден айналуда. Себілген жалпы алқаптың 638 гектарын жинап үлгерген.

- Жігіттердің қимылында ширақтық бар, - дейді серіктестіктің директоры Азамат Мерекеұлы, танап бетінде жүрген диқандардың ерен еңбектеріне ризашылығын білдіріп. – Егінжайымызда 6 комбайн жүр. Село тұрғындары шөптен тапшылық көрмесін деген оймен комбайндардың үккіштерін ағыттырып тастадық. Атжал болып түскен сабанды ізінше жинап алып мал қыстақтарына, тұрғындарға тасып береміз. Бұл ретте Арман Букенов, Александр Антипов, Валерий Шкверия және Сұлтан Мажекеевтар секілді саңлақ диқандардың қол жеткен табыстарын ерекше айтып өткен жөн. Комбайндардың кідіріссіз жұмыс істеуіне Еділжайық Құдажанов, Еркін Бекбаев, Виталий Забара, Юрий Понамарев сияқты тәжірибелі автокөлік жүргізушілерінің қосқан үлестері де қомақты. Олар «КамАЗ» машиналарымен бидайды комбайннан қырманға тасымалдаса, кейбіреулері жанаржағармаймен қамтамасыз етуде.



Серіктестік басшысының айтуынша биылғы күзгі орақ науқанын ұйымшылдықпен өткізуге зор үлестерін қосып жүрген бас инженер Александр Понамарев, бас агроном Серкебай Шөкімов, өндіріс жөніндегі орынбасары Еркін Әлібеков, астық қабылдау бекетінің меңгерушісі Баян Әлібеков, асхана меңгерушісі Валентина Автухова, жас мамандар, Лобаново ауыл шаруашылығы колледжінің түлектері Филипп Крель, Артем Марченко, Игорь Несневич, шеберреттеуші Болат Ташенов, машина-трактор шеберханасының меңгерушісі Байжак Сейтқалиев, бригадирлер Қуаныш Сейтқалиев пен Дастанбек Гелмановтарды мақтанышпен айтып кеткен жөн.

Серіктестік тарапынан жоғарыдағы аталған жас мамандар, Лобаново ауыл шаруашылығы колледжінің түлектеріне ауылдан үй алуға көмектесуде және де серіктестікке жұмысқа орналасқан жас отбасыларын баспанамен қамтамасыз етіп отыр.

-Тұрғындарымызды толғандырып жүрген өзекті мәселелердің бірі – ауылымыздағы орта мектептің жағдайы. Бала санының аз болуына байланысты қазіргі орта мектебіміз негізгі мектепке айнала ма деген қауіпіміз де жоқ емес. Мұның бәрі уақытша құбылыс деп ойлаймын. Ауылымызда қазір тұрғындардың әлеуметтік жағдайы жақсарып келеді, бала туу көрсеткіші де өсуде – дейді шаруашылық басшысы.

Серіктестікте биылғы орақ науқанына 176 адам жұмылдырылған. Олардың орташа жалақылары соңғы айда 70 мың 683 теңгені құрап отыр.

Жұмыстың сапалы атқарылуына серіктестіктің бас инженері Александр Понамарев жетекшілік етеді.

Бас инженердің сөзімен айтар болсақ орақға қатысатын барлық техника, жөндеу шеберханасындағы токарьлық, ұста цехтары, қызыл қырмандағы таразылар, астық тазалайтын агрегаттар сапалы жөндеуден өткізіліп, іске жауапкершілікпен қарайтын мамандардың қолына табыс етілді.

Қырмандағы механизмдердің ақаусыз жұмыс істеуіне қырман меңгерушілерінің де зор үлестерін айта кеткен жөн.

Серіктестік тарапынан ауыл тұрғындарына жем-шөппен, әлеуметтік нысандарға қажет жағдайда нақты көмек көрсетіліп отырады. Шаруашылық өз жұмысшыларына 1 тонна шөпті 3000 теңгеден берсе, ауыл тұрғындарына 1 тоннасын 6000-нан тасымылдып беруде.

Біз шаруашылықтағы орақ науқанының қарқынды жүргізілуімен экономикалық дамуға орай атқарылып жатқан игі істерді өз көзімізбен көріп, еңбек адамдарына, серіктестік басшыларына толағай табыс тілеп, аттанып кеттік.

**Бағлан ҚОЖАҚОВ.**

**Суретте:** серіктестіктің озат диқаншылары, егінжайдан көрініс.

**Суреттерді түсірген автор.**

16 тамыз – Спорт күні

# ЖАСТАЙЫНАН СПОРТТЫ СЕРІК ЕТКЕН

***«Қыс, жаз, көктем, күз демей,***
***Спорттан әсте қол үзбе.***
***Ауырып ем іздемей,***
***Ауырмайтын жол ізде».***

Спорт атаулының адамзат баласы үшін не нәрсенің кепілі екенін осы бір шумақтан айқын аңғарасыз. «Әуелі байлық – денсаулық» десек, сол байлықты қыруар қаражатпен немесе жанға жайлы күтіммен емес, дене тәрбиесімен шұғылданып-ақ жақсарта аласыз.

Елбасымыз өзінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаласында әрбір елді мекенде дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамытуға, соның ішінде ауылды жерлерге көңіл бөлу міндетін қойды. Қазіргі таңда жылданжылға спортшыларымызға үлкен демеу жасалып, көңіл бөлінуде. Бұл дегеніміз Елбасының жүргізіп отырған көреген саясатының арқасы, экономикамыздың дамығандығының қарапайым көрінісі. Аталған салада жүріп, қашанда қалың елдің үмітін мен тілегін арқалап, ел мен жер абыройын қорғай білетін азаматтар мен азаматшалар арайлы Айыртау өңірінде де көптеп саналады. Солардың бірі - Қаратал ауылының тумасы Данияр Айсин. Ол ұзақ жылдар бойы аудан абыройын қорғап, мәртебесін өсіріп жүрген азаматтардың бірі.

Жастайынан спортты серік еткен Данияр мектеп қабырғасында жүріп-ақ өзінің алғырлығымен, ептілігімен және шапшаңдығымен әріптестерінің алдында ерекшеленіп тұратын. Футбол десе ішкен асын жерге қоятын қасиет оған әкесі Қобыланнан дарыса керек. Әкесі Қобылан да жасының ұлғайғанына қарамастан жастармен қатар футбол ойнап, әлі күнге дейін әртүрлі деңгейдегі жарыстарда ауыл, аудан намысын лайықты қорғауда.




2008 жылы Қаратал орта мектебін аяқтаған өрім өрен Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің туризм және спорт бөлімінің күндізгі бөліміне оқуға түсіп, 2012 жылы ойдағыдай аяқтап шығады. Университетте оқыған жылдары аталмыш білім мекемесінің құрама командасында ойнап, талай жетістіктерге қол жеткізді. Осы жылы білімді жас маман өзі оқыған туған мектебіне дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып жұмысқа орналасады. Сол уақыттан бері шәкірттерін спортқа баулып, өз білгендерін үйретуде. Мектепте футбол үйірмесі тұрақты жұмыс істейді. Мектеп оқушыларынан құралған футбол командасының нәтижелері де жаман емес. Бірнеше мәрте «Былғары доп» аудандық жарысының жеңімпаздары. Ақпан айында Кішкенекөл ауылында футболдан өткен облыстық жарыста екінші орынды иеленді.

Даниярдың інісі Бахтияр да ағасының ізін басып келеді. Ол қазір Абай Мырзахметов атындағы университеттің туризм және спорт бөлімінің студенті.

Әкелі-балалы спортшылардың басты мақсаты – ауылды жерлерде спорт саласын дамытуға өзіндік үлестерін қосу, салауатты өмір салтын насихаттау және ауыл, аудан намысын спорт ареналарында лайықты қорғау.

- Спорт күнімен барша әріптестерімді құттықтаймын. Жас жеткіншіктер ел мәртебесін биіктете берсін. Әр отбасы салауатты өмір салтын ұстанып, физикалық дайындықта болып, дене тәрбиесі жағына мән берілуі тиіс. Бүлдіршін балаларымыздан бастап компьютердің алдында таппжылмай отырғаннан гөрі турникке тартылсын, футбол ойнасын, - дейді Данияр ағынан жарылып.

Біз де өз тарапымыздан барлық спортшылар мен олардың бапкерлерін, ардагерлерді, спорт қауымдастығын шын жүректен құттықтай отырып, оларға зор денсаулық, жеңіс жолында табыстарға жетіп, Қазақстанның даңқын арттыра берулеріне тілектеспіз.

**Жанат СӘБИТОВ,**

**Суретте: Қаратал Орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Данияр Айсин.**

# Мұны да білгеніңіз жөн

## Нені ұмытпау керек?

Жаратушы - жалғыз Аллаға қарыз;
Ислам дінінің иесі – Мұхаммед пайғамбарымызға қарыз;
Өмірге әкелген ата – анамызға қарыз;
Тәлім, тәрбие берген – ұстазымызға қарыз.

## Бұлжымас бес борыш

Ағайын, жақын, таныс адамдардың бір – біріне деген. Олар:
Аллаға, пайғамбарымызға байланысты борыш;
Адамның өз – өзіне байланысты борыш;
Мемлекет пен халық алдындағы борыш;
Үй іші, жақындарына байланысты борыш;
Адамгершілік әлеміне деген борыш.
Бұл қағида Мұхаммед пайғамбарымыздан қалған.

## Айнымас алты парыз

Сыйлас, аралас – құралас жүрген адамдардың бір – біріне деген алты парызы бар. Олар:
Бір – біріне әдейі іздеп барып, сәлем беруге;
Шақырған кезде кідірмей баруға;
Кеңес сұраса — ақыл беруге;
Сұрағына - толық жауап беруге;
Ауырып қалса –көңілін сұрауға;
Қайтыс болғанда - жаназасын шығаруға.

## Егер сыйлағыңыз келсе

Үлкенге — сәлем
Қуантқанға - сүйінші
Соғымнан - сыбаға
Егіннен - кеусен
Малдан - көгендік
Балаға - базарлық
Киімге - байғазы
Сәбиге - көрімдік
Алғашқы қымыздан - «қымызмұрындық»
Соңғы қымыздан — «сірге жияр»
Құдалыққа - киіт
Қуанышқа - шашу
Сағынғанда — сәлемдеме
Асқа – саба (қымыз), сойыс.

## Егер сұрағыңыз келсе

Алладан - денсаулығыңызды
Қыдырдан — бата
Данадан — өнеге, білім
Батырдан — сауға
Қарттың — қал — жайын
Ананың — мейірімін
Жетімнің - жай — күйін
Саудың — амандығын
Аурудың - көңілін
Туған — туысқанның – бүтіндігін
Олжадан — тәбәрік
Қонақтан - «бұйымтайын» сұраңыз.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 14 шілдедегі № 224 қаулысы

## 2015 жылға арналған Айыртау ауданы бойынша субсидияланатын басым ауыл шаруашылықғы дақылдарын әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдерін белгілеу туралы

«Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министірінің міндетін атқарушы 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарын субсидиялау Ережесінің 10 – тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылға Айыртау ауданы бойынша субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарың әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес, белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімінің басшылық ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылдың 3 мамырынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

**Аманбек МАХМЕТОВ,**
**аудан әкімінің м.а.**

Солтүстік Қазақстан облысы нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2015 жылғы 3 тамызында №3335 тіркелген.

---

Айыртау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 14 шілдедегі № 224 қаулысына қосымша

## 2015 жылға Айыртау ауданы бойынша субсидияланатын басым ауыл шаруашылық дақылдардың әрбір түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдерін белгілеу туралы

| Жер өндеу аймағы | Дақылдар | Себудің оңтайлы мерзімдері |
|---|---|---|
| Солтүстік Қазақстан облысы бойынша | Жаздық бидай (орташа, орташа кеш пісетің, ерте пісетін және қатты сорттар) | 2015 жылдың 14 мамырынан 2015 жылдың 08 маусымы аралығы |
| | Арпа, сұлы | 2015 жылдың 25 мамырынан 2015 жылдың 12 маусымы аралығы |
| | Қарақұмық | 2015 жылдың 20 мамырынан 2015 жылдың 03 маусымы аралығы |
| | Тары | 2015 жылдың 25 мамырынан 2015 жылдың 03 маусымы аралығы |
| | Нұт | 2015 жылдың 12 мамырынан 2015 жылдың 18 мамыры аралығы |
| | Асбұршақ | 2015 жылдың 20 мамырынан 2015 жылдың 03 маусымы аралығы |
| | Қытай бұршағы | 2015 жылдың 22 мамырынан 2015 жылдың 30 мамыры аралығы |
| | Жасымық | 2015 жылдың 22 мамырынан 2015 жылдың 03 маусымы аралығы |
| | Рапс (бастамшы-пар, бір жылдық шөптер, дәнді) | 2015 жылдың 12 мамырынан 2015 жылдың 01 маусымы аралығы |
| | Лен, қыша | 2015 жылдың 15 мамырынан 2015 жылдың 03 маусымы аралығы |
| | Күнбағыс май тұқымына | 2015 жылдың 15 мамырынан 2015 жылдың 30 мамыры аралығы |
| | Арыш | 2015 жылдың 20 мамырынан 2015 жылдың 01 маусымы аралығы |
| | Картоп | 2015 жылдың 15 мамырынан 2015 жылдың 05 маусымы аралығы |
| | Жүгері сүрлемі | 2015 жылдың 16 мамырынан 2015 жылдың 20 мамыры аралығы |
| | Картоп | 2015 жылдың 15 мамырынан 2015 жылдың 31 мамыры аралығы |
| | Қызынақ (көшеті) | 2015 жылдың 28 мамырынан 2015 жылдың 12 маусымы аралығы |
| | Қырыққабат (көшеті) | 2015 жылдың 25 мамырынан 2015 жылдың 15 маусымы аралығы |
| | Сәбіз (көшеті) | 2015 жылдың 10 мамырынан 2015 жылдың 20 мамыры аралығы |
| | Қызылша | 2015 жылдың 25 мамырынан 2015 жылдың 05 маусымы аралығы |
| | Қияр | 2015 жылдың 16 мамырынан 2015 жылдың 05 маусымы аралығы |
| | Пияз (тұқым) | 2015 жылдың 10 мамырынан 2015 жылдың 20 мамыры аралығы |
| | Күздік бидай | 2015 жылдың 25 тамызына 2015 жылдың 08 құркүйек аралығы |
| | Күздік қарабидай | 2015 жылдың 26 тамызына 2015 жылдың 10 құркүйек аралығы |
| II –дала, тегіс, шоқ далалы | Жүгері сүрлемі | 2015 жылдың 16 мамырынан 2015 жылдың 20 мамыры аралығы |
| | Күнбағыс сүрлемі | 2015 жылдың 18 мамырынан 2015 жылдың 24 мамыры аралығы |
| | Бір жылдық өсімдіктері көк жемшөптікке:(сұлы+бұршақ; бұршақ+сұлы+арпа), шөпке: (судан шөбі;тары; итқонақ; сұлы+ сиыржоңышқа), пішендемеге:(сұлы+арпа+ бұршақ+бидай; сұлы+ бұршақ; тары+бұршақ) | 2015 жылдың 05 маусымынан 2015 жылдың10 маусымы аралығы |
| | Көк конвеер (бір жылдық өсімдіктері): | |
| | I мерзім (бұршақ+ сұлы) | 2015 жылдың 08 мамырынан 2015 жылдың 10 мамыры аралығы |
| | II мерзім (сұлы+арпа+ бұршақ; судан шөбі+ бұршақ; тары+бұршақ) | 2015 жылдың 23 мамырынан 2015 жылдың 25 мамыры аралығы |
| | III мерзім (бұршақ+ сұлы+арпа; судан шөбі+ бұршақ; сұлы+ бұршақ) | 2015 жылдың 08 маусымынан 2015 жылдың 10 маусымы аралығы |
| | IV мерзім (рапс, сұлы) | 2015 жылдың 08 шілдесінен 2015 жылдың 10 шілдесі аралығы |
| | Көп жылдық шөптер (жонышқа, түйе жоңышқа, эспарцет, ешкібұршақ, арпабас, еркекшөп) I мерзім | 2015 жылдың 05 мамырынан 2015 жылдың 15 мамыры аралығы |
| | Көп жылдық шөптер (жонышқа, түйе жоңышқа,эспарцет, ешкібұршақ, арпабас, еркекшөп) II мерзім | 2015 жылдың 05 шілдесінен 2015 жылдың 20 шілдесі аралығы |
| | Қыстық қарабидай (көк жемшөпке) | 2015 жылдың 10 тамызынан 2015 жылдың 15 тамызы аралығы |
| IV- таулы-тас және таушық-тасты (Көкшетау биіктігі шегінде) | Жүгері сүрлемі | 2015 жылдың 16 мамырынан 2015 жылдың 20 мамыры аралығы |
| | Күнбағыс сүрлемі | 2015 жылдың 18 мамырынан 2015 жылдың 24 мамыры аралығы |
| | Бір жылдық өсімдіктері көк жемшөптікке:(сұлы+бұршақ; бұршақ+ сұлы+арпа), шөпке:(судан шөбі;тары; итқонақ; сұлы+ сиыржоңышқа), пішендемеге:(сұлы+арпа+ бұршақ+бидай; сұлы+ бұршақ; тары+бұршақ) | 2015 жылдың 05 маусымынан 2015 жылдың 10 маусымы аралығы |
| | Көк конвеер (бір жылдық өсімдіктері): | |
| | I мерзім (бұршақ+ сұлы) | 2015 жылдың 08 мамырынан 2015 жылдың 10 мамыры аралығы |
| | II мерзім (сұлы+арпа+ бұршақ; судан шөбі+ бұршақ; тары+бұршақ) | 2015 жылдың 23 мамырынан 2015 жылдың 25 мамыры аралығы |
| | III мерзім (бұршақ+ сұлы+арпа; судан шөбі+ бұршақ; сұлы+ бұршақ) | 2015 жылдың 08 маусымынан 2015 жылдың 10 маусымы аралығы |
| | IV мерзім (рапс, сұлы) | 2015 жылдың 08 шілдесінен 2015 жылдың 10 шілдесі аралығы |
| | Көп жылдық шөптер (жонышқа, түйе жоңышқа, эспарцет, ешкібұршақ, арпабас, еркекшөп) I мерзім | 2015 жылдың 03 мамырынан 2015 жылдың 11 мамыры аралығы |
| | Көп жылдық шөптер (жонышқа, түйе жоңышқа, эспарцет, ешкібұршақ, арпабас, еркекшөп) II мерзім | 2015 жылдың 02 шілдесінен 2015 жылдың 15 шілдесі аралығы |
| | Қыстық қарабидай (көк жемшөпке) | 2015 жылдың 10 тамызынан 2015 жылдың 15 тамызы аралығы |

---

## «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ әкімшілік азаматтық лауазымының бос орнына ашық байқау жариялайды

**1. №2 Саумалкөл мектеп-гимназиясының директоры (1 бірлік).**

**2. Аксеновка орта мектебінің директоры (1 бірлік).**

**3. Лобаново орта мектебінің директоры (1 бірлік).**

**4. Златогорка орта мектебінің директоры (1 бірлік).**

**Әкімшілік азаматтық лауазымының санаты, лауазымдық жалақысымен қызмет істеген жылдарына байланысты 75433 - 90254 теңге.**

